

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынасар және әлем тілдері университетінің 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD докторлық дәрежесін алу үшін орындалған Сеитова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына

## ПІКІР

Ізденуші Сеитова Г.А. диссертациялық зерттеу жұмысы бүгінгі таңдағы білім беру саласындағы өзекті проблемалардың бірі техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік біліміне, нақтырақ айтатын болсақ қытай тілі бойынша шеттілдік құзыреттілігіне арналады. Техникалық мамандықтар студенттерінің коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру олардың кәсіби қызметтік құзыреттіліктерін арттырудың, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші іспеттес. Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілінде кәсіби қатынасқа түсу мүмкіндігі екі ел арасындағы ынтымақтастық пен өзара келісімнің артуына үлес қосатын факторлардың бірі екендігі анық.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері логикалық тұрғыда негізделген. Әсіресе, теориялық және практикалық құндылығы ерекше салмақты техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін құру міндетін атап өткен жөн.

Зерттеу жұмысы барысында зерттеу мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік ғалымдардың, синологтардың ғылыми еңбектеріне толықтай, терең сарапатама жасалынуы аталған зерттеу жұмысының құндылығын растайды. Тілдік емес мамандықтар студенттеріне шетел тілін оқыту әдістемесі жайлы ғылыми еңбектер базасының қытай тілін оқыту технологиясын жетілдіру мақсатында ұтымды пайдалану шешімі белгілі ғылыми қызығушылықты оятады.

Автор атап өткендей, қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызы бар көршісі болып табылатын Қытай Халық Республикасымен етене жақын болып, қытай тілін оқытуды популяризациялау және оның жеке салалар бойынша мақсатты түрде оқыту әдістемесін жетілдіру қазақстандықтардың кәсібилігін отандық және әлемдік еңбек нарығында толықтыра түседі.

Зерттеу жұмысында қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне оқытудың ерекшеліктері мен технологиясы бойынша әзірленген нұсқаулығы негізделіп, оны іс жүзінде қытай тілі оқытушыларына жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралмен бекітілген.

Диссертация жұмысы барлық талаптарға сәйкес рәсімделген. Ғылыми аппараты берілген кіріспеден, негізгі зерттеу жүргізілген үш

тараудан, тараулар бойынша тұжырымдамалардан, зерттеу жұмысы алдына қойылған мақсат пен міндеттердің негізделуі бойынша қорытындыдан және әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс аясында отандық және шетелдік ғылыми бағыттағы баспалардан автордың 11 ғылыми мақаласы жарияланған.

Сеитова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шетілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы негізінде 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір берушілер:

Тұран университеті,  
«Аймақтану және халықаралық қатынастар» кафедрасының меңгерушісі,  
PhD, қаум. профессор:  
e-mail: zh.tolen@turan-edu.kz



«Аймақтану және халықаралық қатынастар» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, сениор-лектор,  
қытай тілі оқытушысы:  
e-mail: [g.shiderina@turan-edu.kz](mailto:g.shiderina@turan-edu.kz)

